

**Бесқарағай ауданы Глуховка ауылдық округінің Жыланды ауылында "Дальняя дойка" учаскесінде карантин белгілеу туралы**

*Күшіні жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Глуховка ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 15 тамыздағы № 6 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 қыркүйекте № 5193 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Глуховка ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 14 қарашадағы № 7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Глуховка ауылдық округі әкімінің 14.11.2017 № 7 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабы 7) тармақшысына сәйкес, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Бесқарағай аудандық аумақтық инспекция басшысының 2017 жылғы 28 шілдедегі № 142 ұсынысы негізінде, Глуховка ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы

**ШЕШТІ:**

1. Бесқарағай ауданы Глуховка ауылдық округінің Жыланды ауылында "Дальняя дойка" учаскесінде ірі қара малдарының қарасан ауруының шығуына байланысты карантин белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

3. Шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Глуховка ауылдық округі  
әкімінің міндетін атқарушы*

*А. Тастенбеков*